

С. Қ. Алтайбаев,
қылмыстық құқық және криминология кафедрасының
бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ТҮЙІМ САЛЫНҒАН ДІН АҒЫМДАРЫНА ТҮСКЕН АДАМДАРДЫ, ТОПТАРДЫ АРНАЙЫ АЛДЫН АЛУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстандағы діни экстремизмнің мәселесі бүгінгі күні мемлекеттің тарапынан үлкен назар аударуды талап етуде. Оған негіз Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында басым міндеттердің ішінде радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы іс-қимыл бола алады¹.

Көріп отырғанымыздай бүгінгі таңда діни экстремизмнің қауіптілігі анағұрлым өзекті. Қоғамда оның алдын алуда көптеген пікірлер айтылуда, олар сендіруден бастап, тіпті күштеп көндіруге дейін қарастырылуда. Дегенмен, барлығының да мақсаты бір, бұл мәселеге одан әрі жол бермеуге бағытталған. Сондықтан діни экстремизмнің алдын алуда ең тиімдісі қауіпті ескерту жолымен жүзеге асыру болмақ. Криминология ғылымында «алдын алу» терминін — адамдардың әл-ауқатын жақсартуға немесе мәдениеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу мен оларды жетілдіру жөніндегі жалпы мемлекеттік шараларда, яғни қылмыстылыққа әсер ететін және онымен күреске жұмылдыратын шараларға үйлестіре пайдаланған дұрыс — деп, ал «ескерту» терминін — қылмыстылықпен күреске бағытталған бағдарламаларда, тұжырымдамаларда, жұмыс жоспарларында қарастырылған қызметтерге үйлестіре пайдаланған дұрыс — деп қарастырады.

Бұл жерде ең бастысы алдын алуды келетін қауіпті күні бұрын шындыққа айналмай тұрған кезеңінде жүзеге асырған орынды. Діни экстремизмнің алдын алу жоғарыда аталғандай мемлекеттік шаралар жүйесінің ерекше сатыларының құрылуымен жүзеге асады. Жүргізілген зерттеулердің негізінде және діни экстремизмнің алдын алудағы тәжірибелік дағдыларды сараптау қорытындыларымен әсер ету объектісіне қарай үш басты түріне жіктеуге болады: жалпы, арнайы (адрестік) және пенитенциарлық.

Жалпы алдын алудың негізгі міндеті болып ескерту табылады, яғни, Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмнің идеяларын тарату қауіпі жөнінде тұрғындарға, жұртшылыққа ақпараттарды сапалы және нақты тарату мен жеткізуден, әрі діндер аясында мемлекеттік саясатты тыңғылықты түсіндіруден тұрмақ. Жалпы алдын алудың объектісі болып теріс бағыттағы діни идеологияға түспеген Қазақстан Республикасының тұрғындары танылады. Жалпы алдын алу әдетте құрамында теологтар, дінтанушылар, сарапшылар, арнайы дін өкілдері, ақтау орталықтарының қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік қызметшілері бар ақпараттық-насихаттау топтарымен жүзеге асады.

Аталғандардың ішінде ерекше орынды діни экстремизмді арнайы алдын алу алады. Арнайы алдын алудың басты міндеті нандыру, сендіру болып табылады, оның объектісі діни экстремистік ұйымдардың және радикалды топтардың арбауына түскен, соған қоса сол жолға түсуі мүмкін, қауіпі бар адамдар танылады. Оларға тұрғындардың жұмыссыз бөлігі, ауылдық аудандардың жеке тұрғындары мен азаматтардың әлеуметтік тұрғыдан нашар қамтылған категориялары жатады. Бұл жерде арнайы алдын алу мен ескерту объектісі діни топтарға бағынышты болып, солардың ықпалына түскен, діни сенімдері әбден азғыру мен шырмаудың әсеріне түскен, оларды өздерінің жымысқы мақсаттары мен мүдделеріне тәуелді етіп пайдалана алатын, психологиялық тұрғыдан мүлдем қарсылық көрсете алмайтын адамдар болды.

Әдетте алдын алу шаралары сендіру, нандыру деңгейінде жүзеге асырылады, алдын алу — қаралатын, әсер ету объектісінің әрдайым ұғым, түсінігін сендіре отырып, түзету болып табылады. Сондықтан, алдын алу жұмыстарын жүргізетін адам, яғни, адамдармен жүргізілетін бұл жұмыс көп жағдайда әңгімелесуімен және өзіне тарту әсерімен жүзеге

асатын болғандықтан алдын алудың субъектісін біз түзетуші, қазіргі тілмен айтқанда жұмыс жүргізуші деп атауымызға да болады.

Жеке (адрестік) алдын алуды ұйымдастырудың үш кезеңін бөліп қарауға болады:

- бірінші — зерттеуге алынған топтардың мүшелеріне тән ерекшеліктерді зерттеу;
- екінші — алдын алуға жататын топ мүшелерімен немесе адамдармен алғашқы байланыстарды орнату;
- үшінші — алдын алу шараларының кешенін жүзеге асыру.

Жеке алдын алудың қиындығы алдын алу жұмыстарымен әсер ету объектілері болып табылатын топтар мен жеке адамдардың «жабықтығымен» сипатталады. Бірінші кезекте, осындай топтардың қатарына енуге тырысу қажет, бұл жерде олардың қатарына қосылу қадағалаушы немесе мән үйретуші түрінде емес, қайта сенімге кіру жолымен «бауырлас» ретінде, «олардың тілдерінде» сөйлесе біліп, жақындай түсу қажет. Бұл жерде олардың сеніміне кіру олардың жабықтықтарына жақындай түсіреді.

Радикалды діни топтармен (өздерін мұсылман дінінің өкілдері деп санайтындар) және жеке олардың мүшелерімен тіл табысу тек «олардың тілдерінде» ғана жүзеге асыруға болады. Әдетте, олар өздерінің санасындағы «киелі» ойларын жоғары ұстанып, қалыпты жұртшылықтан ерекшелене түседі.

Сонымен қатар, алдын алу шараларын жүргізуші адам қосымша діни білім аспектілерін де игерген және зерттелетін шағын мәдени топтарды түсіне білуі тиісті, олар: құндылық жүйесі, топтық терминологиялары және т. б. ал кей жағдайларда зерттеу ортасына сіңісу үшін және алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру үшін олардың мінез-құлық, жүріс-тұрыс, киім кию үлгісі және т. с. с. ерекшеліктерін де меңгеруге тура келеді. Тарих ғылымдарының докторы, профессор З. Г. Джалилов атап өткендей — мұсылман топтарымен қарым-қатынасқа түсу үшін, кем дегенде бес уақыт намаз оқи білу керекⁱⁱ.

Ресейлік зерттеуші, әлеуметтану ғылымдарының докторы В. И. Ильин өзінің «Драматургия качественного полевого исследования» атты оқу-ғылыми басылымында «Басқа адамды түсіну үшін әлемге, айналасына оның көзімен қарау керек, қызығушылық, мүдделерін, саналы түсінуін, ой-пікір, үміт, сенімдерін ескере отырып, ішкі түйсігін ұғыну қажет» — дейдіⁱⁱⁱ.

Кез келген діни радикалды топтар бір-біріне бағыныштылық пен иерархиялық қарым-қатынаста құрылады. Радикалды топтардың көшбасшыларын (лидерлерін) анықтай отырып, онымен байланысқа түсуге тырысу қажет және оның топ мүшелеріне әсер ету табиғатын түсініп, сол топта алдын алу шараларын жүзеге асырғанда жағдайға байланысты өздеріне қарсы қолданғанда нәтиже беруі мүмкін. Осыған байланысты топтың жоғары иерархиялық деңгейіне жетуде кім және не арқылы жүзеге асыруға болатынын анықтап, білу қажет.

Жеке (адрестік) алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру кезеңінде радикалды бағытта уағызды таратушы адамның адасуын әшкерелеу өте маңызды, себебі, бір уақытта дұрыс діни бағыттың анық жолын көрсете отырып, нағыз діннің рухани және адамгершіліктік қағидаларын паш етуге өте қолайлы болмақ.

Ақпараттық-насихаттау топтарының құрылуына қарай құрамында теологтар, дінтанушылар, психологтар, саясаттанушылар, тарихшылар, құқықтанушылар, педагогтар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, мемлекеттік органдардың уәкілеттері және басқа да сарапшыларымен құрылған құрылым Қазақстандағы және шетелдердегі қазіргі таңдағы саяси және діни процесстерге бағыттала отырып жұмыстарын жүргізеді.

Бұл үшін ақпараттық-насихаттау топтарының қатысушыларын дайындауда ислам теологиясы мен шариғатының, діни білім беру, психология, саясаттану, құқықтану, тарих, жанжалтану, әлеуметтану және педагогика негізінде терең дайындықты ұйымдастыру қарастырылған.

Маманданған мұндай топтың жүргізушілері алдын алу объектілеріне нақты сенімді түрде көндіре алу әсерімен, әр адамға нәзік амал тәсілдерді қолдана отырып, алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру қажеттігі туындайды, ол үшін қарсы әрекет ету мақсатына жұмысы арбауға түскен адамдарға қатысты болмақ. Егер экстремизмге қарсы әреке ету мен жалпы алдын алу жұмыстары әлі толық үгіт-насихаттың арбауына түспеген көп тұрғындардың арасында болса, ондай жұмыстарды әдетте дәстүрлі исламдық мектептерде білім алған имамдардың білім деңгейінде жүргізе алады.

Сараптамалар жоғарыда аталғандай діни радикалдар мен экстремизмдер шындығында психологиялық және діни-идеологиялық бұрмалаудың құрбандары болып табылады, қорытындысында олар өздерінің айналасына сын көзбен қараудан айырылып, дінді қабылдау пікірін қалыптастыру тәжірибесін жоғалтады және діни негіздер мен қалыптарды қабылдауда кері пікірлер қалыптастырады.

-
- i Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы // <http://www.akorda.kz>
- ii Джалилов З. Г. ҚР БЖМ Ғылым комитетінің Р. Д. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Жакын және Орта Шығыс бөлімінің мәліметтері. — Астана, 2013.
- iii Ильин В. И. Драматургия качественного полевого исследования. — СПб., 2006.